



2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Томас Гоббс





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Томас Гоббс

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Левиафан өмірінің бастауы

Томас Гоббстың (1588-1679), «Левиафан – материя, форма, мемлекеттік, діни және азаматтық билік» атты еңбегі біріншіден, мемлекет туралы. 1651 жылы жарыққа шаққан туынды өз заманының драматикалық сәттерін, күрделі тарихи оқиғалардың айнасы болды. Англиядағы азаматтық соғыс кезінде король І Чарльз жеңіліске ұшырап, парламент сотына беріліп 1649 жылы Лондонда өлім жазасына кесілді.

Шынайы өмірдің қатыгездігі Гоббстың Макиавеллидің жолына түсуіне себеп болды. Естеріңізге сала кетейік, Аристотель ізгі қасиеттің өлшемін бекітті, ол алдымен адамның іс-әрекеті мақсатты болады деп есептеп, бұл мақсатты - жақсылық деп атады. Ал, оның айтып отырған, этиканың ең негізгі категориясы болған Ізгілігінің түп өлшемі — бақыт, барша дүние ізгілікке талпынады деп есептеген.

Ізгілік идеясын бұрмалап Макиавелли, саяси өмірді түпнұсқасынан талдауға және көбінесе зорлық-зомбылық пен әділетсіздік негізінде талдай бастады, зұлымдықты тәртіптің өзегі, бірақ бірі бүкіл істің басталуы, екіншісі бүкіл істің нәтижесі - деп білді. Адам табиғатынан қатыгез, алдауға бейім, мансапқор болады. Сондықтан, мемлекет олардың осы жаман қасиеттерін шектеп, тәртіп орнату үшін қажет. Адам қабылданған ережелерге саналы түрде бағынғанда ғана қоғамда заңдылық орнайды.

Көп нәрсе басшы, билеушіге байланысты. Билеуші саяси өмір талаптарын ескере отырып басқаруы керек. Барлық ерік-жігері, күші мен құралдарын басты мақсатқа, күшті мемлекет құруға жұмсауы қажет. Билеуші мақсатқа жету үшін түрлі айла-тәсіл, құралдарын пайдалануы тиіс. Олай етпесе, ол биліктен айырылып қалады. Н.Макиавеллидің «Мақсат құралдарды анықтайды» деген сөзі осыны меңзейді.

Мемлекет болмаған жағдайда, өміріміз қалай болар еді?

Негізінде, Гоббста осындай ұстанымдарды басшылыққа алады. Ол ұзақ уақыт бойы табиғи күйге немесе Құдай заттар мен құбылыстардың алғашқы негізі, бастамасы және жаратушысы идеяларына негізделген адамның іс-әрекеттері мен саяси теориялардың сәтсіз болғанын мойындайды, қудайшылықтан бас тартпаса да.

Томас Гоббс Ағылшын Азаматтық Соғысына қатысты өз ойын білдіріп, елінің құлдырап, табиғат күйіне қарай кері кетіп бара жатқанына қапаланып, «Левиафанда» мемлекетсіз өмірдің қаншалықты жағымсыз болатынын сипаттап, жеткізуге тырысқан. Біз саяси институттар әлемінде тұрамыз: орталық үкімет, жергілікті билік, полиция, сот, олар біз үшін қалыпты болып көрінеді. Бұл институттар саяси билікті өзара бөліп, оны жүзеге асырады Олар адамдарды жауапкершілігі бар лауазымдарға тағайындайды, содан кейін бұл адамдар бізді әртүрлі тәсілдермен әрекет етуге бұйыруға құқылы екендіктерін жариялайды. Егер біз оны мойынсұнбай ұсталып қалсақ, біз жазаланатын боламыз.

Мемлекет туралы ойлану жалпы мемлекетсіз жағдайымыз қалай болар еді деген сұрақтан басталады. Бұл өзі мүмкін бе? Кейде адамзат барлық кезеңде мемлекеттің ішінде өмір сүрді деген тұжырым айтылып қана қоймай, бұл оның қалыпты өмір сүруінің жалғыз жолы ретінде көрсетіледі.

Табиғи күйде өмір сүру ешқашан ақиқат болмаса да, мемлекет болмаған жағдайда, өміріміз қалай болар еді деген сұрақты гипотетикалық тұрғыдан қарастыра аламыз. Мемлекетсіз, өмір сүру мүмкін бе, жоқ па деген мәселені қарастырамыз.

«Қоғамның табиғи күйі»

Қоғамның табиғи күйінде өнеркәсіпке орын жоқ; өйткені оның жемісі тұрақты емес, сәйкесінше Жерді өңдеу мәдениеті жоқ; теңіз арқылы әкелуге болатын тауарлардың болмауы немесе навигацияның болмауы; қоғамдық ғимараттардың жоғы; ешқандай қатынас көліктерінің болмауы, көп күш талап ететін заттардан бас тарту; Жер туралы білім жоқ; уақыт есепке алынбайды; өнер жоқ; жоқ; қоғам жоқ; және ең сұмдығы – адам бойын үнемі үрей билеп, зорлық-зомбылықпен өлім қаупі төнеді. Ал адам өмірі, жарым жұпыны, жағымсыз әрі қысқа болмақ,- деп сипаттайды Томас Гоббс, Левиафан (Leviathan), ред. К.Б. Макферсон, ([1651], Хармондсворт: Penguin, 1968), 186

Бұған қоса қоғамның табиғи күйінде тауар тапшы, сондықтан бір затқа екі адамның көзі түсіп, сол затты иеленгісі келеді. Сондықтан, табиғи күйде ешбір адамның өзгелердің озбырлығынан сақтандырылмағандығын айтады. Менің меншігімдегі кез-келген затқа басқалар қызығуы мүмкін, сондықтан мен үнемі сақ болуға тиіспін. Тіпті менің меншігімде ештеңе болмаса да, мен үрейден құтыла алмаймын. Басқалар маған қауіп көзі ретінде қарауы мүмкін, сол себептен менің құрбандыққа айналуым оп-оңай. Теңдік, тапшылық және белгісіздік жөніндегі осы болжамдарға сүйеніп, Гоббс қоғамның табиғи



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Томас Гоббс

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

күйінің соғыс күйі болатынын айтады: Қабілетіміздің теңдігінен мақсаттарымызға қол жеткізуге деген үміттеріміздің теңдігі туындайды. Сондықтан, егер екі адам бір нәрсені қаласа, бірақ оған қол жеткізе алмаса, олар бір-бірінің дұшпанына айналып, мақсаттарына жету (негізінен, бас амандығы, ал кейде тіпті жан рахатына саятын) жолында қарсыласын бағындыруға не оның көзін жоюға ұмтылады. Бұдан шығатыны, жаулап алушы адам қарсыласы өзінен күшті болса да қорықпайды; егер біреу егін ексе, үй тұрғызса немесе жайлы орынға ие болса, басқалар оған қарсы бірігіп, қолындағысын тартып алғылары келеді, мұнымен де шектелмей, оны өлтіруден немесе еркіндігінен айырудан да тайынбаулары мүмкін. Бұл жерде, жаулап алушы адам басқаға қауіп болып саналады. (Левиафан, 184)

Гоббстың пікірінше, ең сорақысы, адамдар өз қалауларын дереу қанағаттандыруға ұмтылып қана қоймай, болашақта да өз тілектерін орындауға мүмкіндік беретін билікке ұмтылады. Сонымен билік беделі-бұл билік болып саналғандықтан, кейбір адамдар басқалар еш қауіп төндірмесе де, болашақтың қорғаныс құралы ретінде билік беделіне қол жеткізу үшін басқа адамдарға шабуыл жасайды. Мысалы, мектептегі төбелесте жеңіп, беделге ие болған адамдарға басқалары көп тиіспейді, олардың мүлкіне де көз алартпайды. Тіпті әлсіз адамдар өз мүліктерін қорғау мақсатында олардың қарауына өткізуге де әзір тұрады. (Әрине, күштілерге де босансуға болмайды, өйткені олар өз беделін арттыра түсудің жолын қарастырып жүрген адамдардың құрбандығына айналуы әбден мүмкін.)

Алайда, Гоббс табиғи күйінде неге тек соғыс пен үрей орын алады және зорлық-зомбылықпен өлу қауіпі төнеді деп ойлады? Жалпы алғанда, Гоббс қоғамның табиғи күйінде шабуыл жасаудың негізгі үш себебін көрсетеді: пайда; қауіпсіздік (басқыншылықтың алдын алу үшін қажет) және даңқ немесе бедел. Шын мәнінде, Гоббс адамдар бақытқа жету жолында күштерін арттыруға тырысады (болашақта пайдаға кенелу үшін бүгінгі күні қажет болатын құрал) деген идеяға сүйенеді. Адамдардың күші мен қабілеттерінің тең, ал олардың қол жеткізгісі келетін игіліктерінің мөлшері шектеулі екенін ескерсек және бұған ешкімнің өзгелер тарапынан шабуылға ұшырамайтынына сенімді бола алмайтынын қоссақ, адамдардың рационал іс-әрекеті табиғат күйін шайқас алаңына айналдырады деген қорытынды жасаған дұрыс. Ешбір адам ықтимал шабуылдаушылардың барлығының бетін қайтаратындай жеткілікті күшке ие емес және қажет болған жағдайда басқаларға шабуыл жасау үшін одақтастарымен бірігетіндей соншалықты әлсіз де емес. Қоғамның табиғи күйінде қалаған нәрсемізге қол жеткізудің немесе оны сақтаудың ең сенімді жолы басқаларға шабуыл жасау екенін ұғынған кезде шабуылға түрткі болатын себеп айқындала түседі.

Гоббс көзқарасының негізі мемлекет болмаған жағдайда адамның табиғаты міндетті түрде қатыгез, қактығысқа алып келеді дегенге саяды. Сол себептен, Гоббс үшін саяси философия адам табиғатын зерттеуден басталады

Гоббс адам табиғатын түсінудің екі жолы бар деп пайымдайды. Оның біріншісі - өзін-өзі тану. Шынайы өзіндік талдау адамның табиғаты жайлы, яғни біздің ойымыздың, үмітіміздің және қауіптеріміздің астарына көз жеткізіп көп нәрседен хабардар етеді. Ал екінші жолы - физиканың жалпы принциптері. Гоббс материалист философ ретінде азаматты түсіну үшін адамзат табиғатын түсіну қажет, ал адамзат табиғатын түсіну үшін, алдымен бізді толықтай құрайтын «денені» немесе материяны түсіну қажет деп санайды.

Гоббстың пайымдауынша, адам баласы, өздері қалаған мақсаттарына жету үшін өзі атағандай «бақытқа», яғни тұрақтылыққа ұмтылады. Табиғи күйінде бақытқа қол жеткізу бізді соғысқа итермелейді. Сайып келгенде, Гоббстың пікірінше, өлім алдындағы қорқыныш адамзатты мемлекет құруға алып келеді. Алайда, Гоббстың пікірінше, мемлекет болмаған қоғамның табиғи күйінде бақытқа ұмтылу бәрінің бәріне қарсы соғысы жағдайына алып келеді. Гоббс неге олай ойлайды?

Бақытқа қол жеткізу үшін қуатты болу керек. Гоббстың пікірінше, қуат көздері байлықты, беделді және қол астындағы бағынушыларды талап етеді. Адамның «неғұрлым көп билікке қол жеткізуге деген шексіз ұмтылысын өлім ғана тоқтатады» (Левиафан, 161). Әркімнің өз билігін үнемі күшейтіп отыруға деген ұмтылысы, яғни, байлыққа ие болу мен қол астындағы адамдардың санын көбейтуге талпынуы бәсекеге алып келеді. Алайда, бәсеке - бұл соғыс емес. Ендеше табиғат күйіндегі бәсекелік неліктен соғысқа әкеп соғады?

Гоббстың барлық адам табиғи тұрғыдан алғанда тең деген тұжырымы келесі маңызды қадам болып саналады. Адамдардың табиғи теңдігі жөніндегі болжам көбіне саяси және моральдық философиядағы өзгелерге құрметпен қарап, бір-бірімізге қамқорлық жасауға тиіспіз деген аргументке негіз ретінде қолданылады. Бірақ Гоббс бұл болжамды мүлде басқа мағынада қарастырады, оның көзқарасы мынадай: «барлық адамның күші мен ептілік деңгейі бірдей болғандықтан, біз бір-бірімізбен теңбіз. Сондықтан басқа адамды өлтіруге кез-келген адамның шамасы жетеді. «Ең әлсіз деген адамның өзі астыртын әрекет



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Томас Гоббс

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

ету немесе басқа біреумен бірлесу арқылы ең мықты деген адамды да өлтіре алады» (Левиафан, 183).

Табиғат күйіндегі ықтимал жағдайымыздың осылайша сипатталуы, адамдардың өте қатыгез не тым өзімшіл деген тұжырымға негізделетінін теріске шығару қажет пе? Гоббс бұл екі қарсы пікір де істің дәл мәнін назардан тыс қалдырып тұр деген болар еді. Гоббстың пікірінше, адамдар қатыгез емес: «адамның көздеген белгілі бір мақсаты болмаса, басқа адамға зұлымдық жасаудан ләззат алуы мүмкін деп ойламаймын». (Левиафан, 126). Ал өзімшілдікке келсек, Гоббс адамдардың үнемі болмаса да, көп жағдайда өз қалауларын қанағаттандыруға ұмтылады деген пікірмен келіседі. Алайда, соғыс өртін тұтататын басты себеп - сіздің меншігіңіздегі дүние-мүлікті басқалардың тартып алуы мүмкін деген қорқыныш. Ал бұл жағдай сізді пайдаға кенелу үшін емес, қорғану немесе беделге ие болу мақсатында басқаларға шабуыл жасауға итермелеуі мүмкін. Осылайша, барлық адам өзін қорғау мақсатында бір-бірімен шайқасады дегенге саятын идеяға табан тіреуге жақындадық.

Дегенмен, адамдардың бір-бірінен күдіктенетіні сондай, бір-бірінің алқымынан ала түсуге әзір тұрады деп ойлау еш қисынсыз екенін де айта кету керек. Бірақ Гоббс конфликтсіз кезеңдердің де болатынын айтады. Оның ойынша, соғыс күйі дегеніміз тоқтаусыз шайқас емес. Соғыс күйі дегеніміз - қырағылықты ұмытып, босаңсымай әрдайым ұрысқа дайын тұру.

Ол соғыс жағдайын үнемі соғыс ретінде емес, сонымен бірге ешкім тынығып, өздерінің күзетулерін басу үшін күресуге дайындығы ретінде анықтайды

Біздің соншалықты күдікшіл екенімізге қатысты оның ойы дұрыс па? Табиғат күйінде адамдар «өзің де өмір сүр, өзгеге де өмір сүруге мүмкіндік бер» деген ұранды ұстануы мүмкін деген болжамға неге сүйенбеске? Бірақ Гоббс мемлекеттің қол астында қалай өмір сүріп жатқанымызды қарастыруымыз керек екенін айтады. Сіз есігіңізді бекітіп жатып, көршілеріңіз туралы не ойласыз? Ал сандық пен жәшіктеріңіздің аузына құлып салғанда, жақындарыңыз туралы қандай ойда боласыз? Егер біз заңның қорғауында болатын қоғамның өзінде осындай күдікке бой алдырсақ, онда табиғат күйінде қандай қорқынышты күй кешетінімізді елестете беріңіз.

Дәл осы тұста, Гоббс бізге қызықты оқиғаны айтып бергенімен, бір нәрсені, яғни моральды естен шығарып алды. Моральдан ада жаратылыстар Гоббс сипаттағандай әрекеттерге барғанымен, біз олар секілді емеспіз. Басым көпшілігіміз басқа адамдарға шабуыл жасауға немесе олардың дүние-мүлкіне көз алартуға болмайды деп ойлаймыз. Әрине, табиғат күйінде қазіргідей ұрлық жасап, кісі өлтіргендер де болады. Бірақ мұндай адамшылықтан ада азғантай топқа тосқауыл болып, олардың соғыс өртін тұтауына жол бермейтін әрі азғындықтың тамырына балта шабатын ізгі ниетті адамдар да аз болмайды.

Бұл қарсылық екі басты сұрақты тудырады. Біріншісі, Гоббс табиғат күйінде біздің моральдық идеялардың мәнін түсіне алатынымызға сенімді ме? Екіншіден, егер ол бұған сенсе, адамдар мемлекет болмаса да, моральдық құндылықтарға сүйене отырып, олжа үшін басқа елдерге шабуылдаудан бас тарта ала ма? Осы сұрақтардың біріншісіне қатысты Гоббстың ұстанымын қарастырып көрейік.

Гоббс табиғат күйінде моральдің болуы мүмкін екенін жоққа шығарады: «Адамдардың бір-біріне қарсы соғысында ... ештеңе де әділетсіз бола алмайды». Бұл жерде мейірім мен жауыздық, әділет пен әділетсіздік ұғымдарына орын жоқ (Левиафан, 188). Гоббс қандай да бір заңды бұзу әділетсіздік болып саналады деген аргументті алға тартады. Бірақ заң үстемдік құру үшін заң шығарушы мен оның сақталуын қадағалайтын ортақ биліктің болуы шарт.

Табиғат күйінде ортақ билік жоқ, сондықтан заң да жоқ, заң бұзушылық та жоқ және әділетсіздік те жоқ. «Әрбір адамның өз өмірін, өз болмысын сақтап қалуы үшін өз күш-қуатын қолдануға... еркі бар; сондықтан өзінің ойы мен пікіріне сүйене отырып, өзі лайық деп тапқан кез-келген іс-әрекетке баруға ерікті» (Левиафан, 189). Гоббстың пікірінше, бұдан шығатыны «мұндай жағдайда әр адам кез-келген нәрсеге, тіпті екінші біреудің тәніне де құқығы бар» (Левиафан, 190). Гоббс еркіндікті адамның «табиғи құқығын» сақтау үшін өзі дұрыс деп тапқан нәрсені жасау деп сипаттайды: мұның соңы табиғат күйінде кез келген нәрсені істеуге, тіпті өз өміріңізді сақтап қалуы үшін басқа біреуді өлтіруге де болады деген түсінікке алып келуі мүмкін.

Неліктен Гоббс табиғат күйінде әр адамның өз қалауына сай әрекет ету еркіндігі бар деген шектен тыс көзқарасты ұстанады? Мүмкін оның ұстанымы шектен тыс емес те шығар. Табиғат күйінде адамның өзін қорғау құқығы бар деген көзқараспен келіспеу қиын. Сонымен бірге, адамдардың нені қатер деп қабылдайтынын, одан қалай қорғану қажеттігін өздері шешуге тиіс. Өзін қорғау үшін жасалған кез келген іс-қимыл сынға алуға болмайтындай көрінуі мүмкін. Олай болса, алдын алу-бұл қорғаныстың бір формасы болғандықтан, басқаларға қарсы шабуыл жасау көбінесе өзін-өзі қорғаудың ең рационал формасы ретінде қарастырылуы мүмкін.



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Томас Гоббс

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Міне, бұл Гоббстың көзқарасының бастапқы әрі қарапайым сипаты. Табиғат күйінде әділет немесе әділетсіздік, дұрыс немесе қате деген ұғымдар жоқ. Моральдық түсініктер де қолданылмайды. Мұны Гоббс «еркіндіктің табиғи құқығы» деп атайды. Алайда, әрі қарай, Гоббстың көзқарасының қайшылықтарға толы екенін көретін боламыз.

Гоббстың пікірінше, табиғат күйінде еркіндіктің табиғи құқығымен қатар, «табиғат заңдары» да бар. Олардың біріншісі «негізгі заңы»: «Әр адамның бейбіт өмірге деген үміті болса, соған қол жеткізуге ұмтылуы тиіс; ал оған қол жеткізе алмаған кезде, соғыстың бар мүмкіндіктері мен артықшылықтарын қарастырып, қолдана алады». (Левиафан, 190). Екінші заң басқалар да қалаған жағдайда, бізге барлығынан бас тарту қажеттегін ескертеді және де әрбір адам өзгелерге қатысты өзіне қаншалықты ерік берсе, өзіне қатысты өзгелерге де сондай еркіндік беруі тиіс (Левиафан, 190). Гоббстың мемлекетке қатысты қоғамдық келісім-шарт туралы аргументі үшін маңызды болып саналатын үшінші заң-жасалған кез келген келісімді орындау қажеттігін білдіреді. Негізінен, Гоббс адамгершілік мінез-құлыққа қатысты әділдік, меншік иесі болу, ризашылық, тәккапарлық және тағы басқа да мәселелерге қатысты он тоғыз табиғат заңын баяндайды. Гоббстың пайымдауынша, бұл заңдардың барлығы негізгі заңнан туындайды. Алайда Гоббс мұны адамдардың аз бөлігі ғана жүзеге асырады деп санайды. Себебі адамдардың басым көпшілігі күнкөріс қамымен әуре, ал қалған адамдар мұны түсінуге ықпалсыз (Левиафан, 214). Дегенмен, табиғат заңдарын бір қорытынды төңірегіне оңай топтастыруға болады... «Өзің қаламаған нәрсені өзгеге жасама» бұл библиялық «алтын ереженің» кері тұжырымы («Өзің өзгелердің қандай қарым-қатынас жасағанын қаласаң, өзгелерге де сондай қарым-қатынас жаса»).

Осылайша, табиғат заңдарын моральдық кодекс деп атауға болады. Егер Гоббс бұл заңдарды табиғат күйін басқаруға болатын моральдық ережелердің жиынтығы деп есептесе, бұл оның табиғат күйінде дұрыс не бұрыс деген түсініктер жоқ деген алдыңғы тұжырымына қайшы келеді. Сонымен бірге, егер адамдар моральдық заңдарға бағынуға бейіл танытса, онда табиғат күйінде Гоббстың күткенінен де әлдеқайда бейбіт жағдай орнайды. Алайда, Гоббс табиғат заңдарын моральдық заңдар ретінде емес, ақыл-ой таразысынан туындаған теоремалар немесе тұжырымдар ретінде сипаттайды. Яғни, Гоббс бұл заңдарды ұстану әр адамға өз өмірін сақтап қалу үшін тамаша мүмкіндіктер береді деп санайды.

Алайда, мұның соңы басқа мәселеге әкеп соғуы мүмкін. Табиғаттың негізгі заңында бейбітшілікке ұмтылыс рационал болып саналады. Бірақ Гоббс табиғат күйінің соғыс күйі болатынын, өйткені табиғат күйінде басқаларға шабуыл жасау рационал болып саналатынын алға тартқан еді. Қалайша Гоббс рационалдық соғысты да, бейбітшілікті де қатар талап етеді деп айта алады?

Менің ойымша, мұның жауабы біздің жеке және ұжымдық рационалдықтың ара жігін ажырата алуымызға байланысты. Ұжымдық рационалдылық дегеніміз – барлық адам бірдей әрекет етеді деген болжамға сүйене отырып, әрбір адамға ең жақсы болатын жолды таңдау. Табиғат заңдары ұжымдық тұрғыдан ненің рационал екенін көрсетеді. Бұл айырмашылықты Жан Поль Сартрдың мысалы арқылы көрсете аламыз. Төбенің тік беткейінде жеке жер телімін өңдеумен айналысатын шаруалар тобын алайық. Олар бірте бірте ағаштарды кесу және басқа да дақылдарды егу арқылы өз жерлерін кеңейте түсуге болатынын түсіне бастайды. Сөйтіп, олар өз жерлеріндегі барлық ағаштарды кесіп тастайды. Алайда, келесі күні дауылды жаңбыр төбедегі жерді бұзып-жарып, егістікті шайып кетеді. Бұл жерде әр шаруаның егістікке жарамды жерін кеңейту үшін ағаштарды кесу әрекетінің жеке рационал болғанын айта аламыз. (Тек бір жер теліміндегі ағаштарды кесу жалпы топырақ эрозиясына елеулі әсер етпейді.) Бірақ бұл ұжымдық апат болып саналады. Себебі барлық ағаштарды кесіп тастаса, шаруалардың барлығының жерлерін жаңбыр суы шайып кетеді. Сондықтан, ағаштардың барлығын болмаса да, басым бөлігін кеспей, сақтап қалу ұжымдық рационал болып саналады.

Осындай сипаттағы жағдайлардың қызық бір ерекшелігі - (әдебиеттерде «тұтқын дилеммасы» деген тіркеспен белгілі) бұл жеке және ұжымдық рационалдық бір-бірінен бөлек болған жерде ұжымдық рационал нәтижеге қол жеткізудің қиынға соғуы. Әрбір жеке тұлға жеке рационал мінез-құлықтың пайдасына қарай «өзгеруге» ынталы. Мәселен, шаруалар өз жағдайының құрылымын түсініп, ағаштарды кесуден бас тартуға келісті делік. Сонда әр жеке шаруа ағаштарды кесіп, жерін кеңейту арқылы өнім мөлшерін арттыруды көздейді. (Есіңізде болса, тек бір ғана жер теліміндегі ағаштарды кесу жерге айтарлықтай зиянын тигізбейді). Бірақ бір адам үшін дұрыс болған нәрсе басқалар үшін де дұрыс болып саналады, сондықтан олардың әрқайсысы пайда үшін өз жер телімдеріндегі ағаштарды тып-типыл етуі мүмкін. Тіпті олар келісім жасасса да, бұл келісімді бұзуға әркімнің өзіндік себебі бар. Демек, ұжымдық рационал ұстаным тұрақсыз болып саналады және тіпті жеке тұлғалардың әрқайсысы егер әркім осылай әрекет ететін болса соңы неге апарып соғатынын білсе де, келісім жасамауға бейім болады.



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Томас Гоббс

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Осыны есте сақтай отырып, Гоббстың дәлелін қарастырсақ.

Табиғат күйінде жеке рационал мінез-құлық басқаларға шабуыл жасау болып саналады (біз қарастырған себептерге байланысты), ал бұл жағдай соғыс күйіне алып келеді. Алайда, табиғат заңдары бізге соғыс күйінің адамдар үшін сөзсіз болатын жағдай емес екенін айтады. Себебі, мінез-құлықтың басқа деңгейінің (ұжымдық рационалдық) болуы мүмкін екенін көрсетеді. Егер біз ұжымдық рационалдық деңгейіне көтеріліп, табиғат заңдарына бағынсақ, онда еш қорқынышсыз бейбіт әлемде өмір сүрер едік.

Ендігі мәселе мынада: Гоббс табиғат күйінде әр адам табиғат заңдарына бағынуы міндетті деп санайды ма? Және солай болған жағдайда адамдардың өз міндеттерін мойындауы олардың заңға бағынуына түрткі болуға жеткілікті себеп пе? Гоббстың бұл жерде берген жауабы көрегенді болды. Оның айтуынша, заңдар 'in foro interno' (ішкі форумда) жүзеге асырылуы міндетті, алайда, 'in foro externo' (сыртқы форумда) жүзеге асырылуы әрқашан міндетті бола бермейді. Оның пікірінше, біз барлығымыз заңдардың күшіне енуіне және тартыс үстінде олардың есепке алынуына ұмтылуға тиіспіз. Бірақ үнемі әрі кез-келген жағдайда оларды сақтауға міндетті емеспіз. Егер айналамыз адамдар заңға бағынбаса немесе табиғи күйдегідей жиі заң бұзса, мұны біле тұра заңға бағынуым ақымақтық болар еді әрі мұның кесірі өзіме тиетіні анық. Мұндай шарттарда заңға бағынатындар «басқаларға жем болады және өзінің ажалын тездетеді» (Левиафан, 215). (Бүгінде ойын теориясының техникалық тілінде, осылай әрекет ететіндерге «еміз» (не жабысқақ) делінеді!)

Құтты мекенге қалай жетуге болады?

Жалғыз жол - өз еркіндігіңді шектеу, ол дегеніміз құқықтың тек қана бір бөлігінен ғана бас тарту емес, сонымен қатар басқа тұлғаға құқықтарды беру, яғни келісімшарт. Келісімнің мәні - әрбір адам өзінің шексіз құқығынан бас тартады және оны басқа адамға немесе азаматтық бейбітшілікті сақтауға кепілдік беретін адамдардың жиналысына жібереді. , әркім өзінің құқынан қажетті тұрғыдан бас тартуы қажет. Құқықтан бас тарту бостандығыңызды жоғалтуды білдіреді. Негізгі табиғи заңда «бейбітшілікке ұмтылып, оны ұстану керек» делінген. Сонымен қатар, басқа адамдардың келісімі болған жағдайда «адам бейбітшілік пен өзін-өзі қорғау мүддесін қамтас ету үшін, қажетті деңгейде табиғи құқықтан бас тартуға көнеді, және қажетті еркіндік түріне қанағат тұтады. Жалпы Гоббс Томас 16 заң ұсынды. Олардың барлығының түйіні: «өзіне тілемейтінді, өзгеге істемей». Гоббс Томас тұжырымы бойынша келісім мен алмасу - адам қоғамындағы бейбітшілікті орнатудың шарттары Левиафан. Ч. I, гл. XIV

Гоббс Томас шексіз билік, суверен билігін жақтады. Нәтижесінде суверен (жоғары билік иесі) шексіз құқыққа қол жеткізеді. Ол барлық адамдардың табиғи жағдайында ие болған *jus in omnia* (бәріне құқылы) құқықты мұра етеді. Сөйтіп, Левиафан дүниеге келді. Левиафан Киелі Әйүп кітабындағы мифологиялық жан түршігерлік теңіз құбыжығы, ол – құдыретті және жылпос «өлім құдайы». Осылайша мемлекет «көптеген адамдар арасындағы өзара келісім бойынша жоғары билікті бір адамға берген, және бұл адам бейбітшілік пен жалпы қорғау үшін қажетті деп есептегенде, олардың күші мен құралдарын пайдалана алады».

Гоббс түсінігіндегі левиафандық мемлекет – еріктің нәтижесі жеке пайданы басшылыққа алады. Ал мемлекеттік бірліктің негізі - ортақ игілік идеясы емес, жеке құқық болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, өкілдіктің мәселесі өте қызықты. Мемлекеттің шығу тегі туралы теориясын жасай отырып, Гоббс құқықтарды беру туралы ғана айтады - ол ерік-жігерді беруді, немесе ерік-жігерді өкілдікке ұсынуды жоққа шығарады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік келісімшартты жасасқан адам сувереннің сөзі мен әрекеттерін мойындайды, бірақ бұл оның ерік-жігерін көренісін де білдіреді деген емес.

Адам өзі қалайтын нәрсені қалайды, және оның орнына ешкім қалау жасай алмайды. Бірақ егер, адам мен оның еркі, саясатта заңдылықтың жалғыз негізі болса, онда саяси тәртіп халықтың ерік-жігерін емес, жоғарғы билік иесінің, сувереннің іс-әрекеттерінің нәтижесі болуы мүмкін.

Әлбетте, ойшыл режимнің үш классикалық түрін: монархия, аристократия және демократия ны тани отырып, аралас басқару формаларын қабылдамайтыны анық.

Гоббс монархияны жақтайды. Тек монархияда ғана сувереннің жеке мүдделері жалпы мүдделерге сәйкес келеді. Егер кедейлік немесе азаматтық дау-дамайдың салдарынан қоластындағылар кедей, немесе әлсіз болса, бірде патша бай, даңқты және қауіпсіздік жағдайында өмір сүре алмайды.

Биліктің сипаты барлық нысандарда бірдей болғандықтан, мемлекеттің құзырындағы азаматтарға қатысты құқықтары мен міндеттері де барлық нысандарда бірдей. Жалпы алғанда, суверен азаматтардың



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Томас Гоббс

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

тыныштығы мен бейбітшілігін қамтамасыз ету үшін бәрін жасай алады. Оның билігі абсолютті және шектеусіз, өйткені тек мұндай билік ғана азаматтық қоғамның өмір сүруін толығымен қамтамасыз ете алады.

Сондықтан, суверен «жақсы пен жамандық арасындағы айырмашылық ережелерін» белгілеп судья болуға тиіс, оны Гоббс заңдар деп атайды. Ол заң шығаруға құқығы бар, бұл тәуелсіз биліктің алғашқы айрықша ерекшелігі. Жоғары билік иеленушінің міндеттеріне келетін болсақ, Гоббс оларды бір сөзбен сипаттайды: «Ең жоғары заң ол халықтың игілігі», өйткені «Азаматтардың құдыреті ол - мемлекеттің құдыреті», яғни мемлекеттегі жоғарғы билікке ие адам құдыреті (Азамат туралы Гл. XIII)

Гоббс саяси философиясының нәтижелері мен құндылығы

Әрине, Гоббстың саяси доктринасының күші оның саяси теориясының негізі ретінде орын алған дарашылдығы. Гоббс адамзаттабиғатын түсіндіруден натурализмнен бастартады, ала да Құдайдың жаратуы болғанымен, ол өзінің әрекеттеріне жауап береді, ол «барлық адамдарға қарсы соғыс» деген теріс салдардан аулақ болуға мүмкіндік беретін левиафандық мемлекеттердің құрушысы. Өз өмірін қорғау үшін әрбір адам өз еркін пайдаланатын, табиғи құқық және адамды мәжбүрлейтін табиғи заң карама-қайшылығы Гоббстың өзінің саяси философиясын қалыптастырады.

Гоббстың айтуынша, бостандық пен мәжбүрлеу антиномияны адам ақыл-ой арқылы шеше алады, ол еркіндікті ақылға қонымды шектейді және өмірді сақтау үшін қолдайды.

Гоббстың пікірінше, әлемде мемлекет қорғауынсыз өмір сүруден өткен қасірет жоқ. Сондықтан күшті мемлекет бәрінің бәріне қарсы соғысын болдырмау үшін қажет.

Азаматтардың құқықтарын және өмірін қорғауды қамтамасыз ете алу үшін мемлекет шексіз билікке ие болу керек.

Осылайша, Гоббс өзінің абсолюттік формасына негізделген заманауи либералды жобаның негізін қалайды. Бұл парадокстың шешімі XVII және XVIII ғасырлардағы бүкіл саяси философияның басты дискуссияны тудырады. Руссоға дейін.